

«LauRus» бөбекжайы

# Қарттар күні



*Айгөлек тобы: Сағынғали Ә.Е*

*2025 – 2026 оқу жылы*

Темін:

Күні: 03.10.2025 ж

Тақырыбы: «Қарттарым-асыл қазынам»

Мақсаты:

1. **Білімділік:** 1-қазан қарттар күніне түсінік беру.

2. **Дамытушылық:** өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.

3. **Тәрбиелік:** балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** отбасы мүшелерінің суреттері,

**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

**Шаттық шеңбер:**

Есеніз бе, қазыналы қарттарым,

Бабалардың бойға жиған салттарын.

Өзіңіздей ұлағатты болуға,

Өсиетінді жүрегімде сақтармын.

Жарайсындар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, қазан, қараша)

Дұрыс айтасындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)

Жарайсындар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасындар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.

Ол-1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күніне арналмақ. Мен сердерге жұмбақ жасырайын.

**Жұмбақ:**

Айтары мол ғұлама,

Көп жасаған бұл адам.

Әкесі ол әкеңнің,

Білер оны сұраған.

Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,

Мейірімді жүзі кулімдеп.

"Тәтті-ақ" дейді немере,

Бал шырындай үнің деп.

Ол кім? (Әже)

Жарайсындар, балалар, дұрыс таптындар. Осы ағамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? (қарттар дейміз)

Дұрыс айтасындар, балалар.-"Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек.

Ал енді осы ағамызбен әжемізге сендер кім боласындар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі, анасы сендерге кім болады? (нағашы ата, нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласындар? (жиен)

Жарайсындар.

Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**Атам:**  
Атамыз-біздің панамыз,  
Атамыз-біздің данамыз.  
Атадан ақыл аламыз,  
Атадай адам боламыз.

**Сағадат:**

Жақсы ісімді мақтан қылып,  
Жамандықтан сақтандырып.  
Жүрген алтын ақ әжемді.  
Жүрсем деймін шаттандырып.

**Адам:**

Немересін жанынан арттық көретін,  
Екі еткізбей бәрін алып беретін.  
Әжелердің құшағында күн иесі,  
Еркелігі үзілместен күлетін.

**Раяна:**

Нағашы әжем анамның анасы,  
Жиендердің ақылшысы санасы.  
Қонақ болып бара қалсаң үйіне,  
Бәйек болып қарсы алатын нағашы.  
Жарайсындар балалар, өтте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер.  
Ендеше теледидарға назар аударайық.

**Бейне таспаға назар аудару.**

Муратова Аянның орындауындағы "Ата ,әже" әнін тамашалайық .

**Суреттер бойынша әңгіме.**

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады)

Балалар шаршаған шығарсындар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

**Сергету сәті:**

Шеңбер болып тұрайық,  
Керегені құрайық.  
Уық болып иіліп,  
Шаңыраққа киіліп.  
Қазақ үйді құрайық,  
Жарайсындар орнымызға отырайық.

**Дидактикалық ойын:** «Кімге не тиесілі»

Ойынның шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын қыстарғышпен қыстырады. Атаға-шапан,әжеге -ұршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балаға-велосипед,қызға -куыршақ.

Балалар , ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

(Балалардың жауаптары)

Ұйымдастырыған оқу қызметімізді сұрақ-жауап арқылы қортындылау.Балаларды мадақтау бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі керек:** Отбасы мүшелерін атай білуі керек.

**Болуы керек:**Балалар бойында қамқорлық мейірімділік қасиеттері болу керек.

**Баланың қолынан келуі керек:** Үлкенді сыйлауға,қарттарға құрмет көрсете білуі керек.